

Бәйшешек» бөбекжай- бақшасы



Бекітемін:

«Бәйшешек» бөбекжай-бақша

менгерушісі:

Ж.А.Булекбаева

2023-2024 оқу жылында педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары

Психолог: Жайлаубаева А.

2023-2024 оқу жылында педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары

Мектепке дейінгі ұйымдағы педагог-психологқызметінің мақсаты – тәрбиеленушілердің психологиялық ойын арқылы ойлау, қабылдау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

1. Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыру, балабақшада әр балаға ыңғайлы ойын, тренинг арқылы жағдай жасау;
2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.
3. Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының және балабақша қызметкерлеріне психологиялық жұмыстар жүргізу.

Педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ағартушылық-профилактикалық жұмыс;
- психодиагностикалық;
- кеңес беру;
- түзету-дамытушылық;

Барлық бағыттар бойынша жұмыс топтық және жеке форматтарда жүргізіледі.

№	Жұмыс түрі	Мерзімі	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
Психодиагностикалық бағыт				
1	Топтарды аралап,балалардың көңіл-күйлерін бақылау.Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы	Қыркүйек	Бақылау	3-4жас
2	Топтарды аралап,балалардың көңіл-күйлерін бақылау.Баланың сабақ үстіндегі мінез-құлқын бақылау карточкасы	Қыркүйек	Бақылау	5-6жас 4-5жас
3	«Артық затты көрсет»	Қыркүйек	Ойлауды дамытуға арналған ойын	5-6жас
4	«Жыл мезгілдері»	Қыркүйек	Ойлауды дамытуға арналған ойын	4-5жас
5	«Не жоғалды?»	Қазан	Қабылдау	3-4жас
6	«Педагогикалық қабілетті зерттеу»	Қараша	Сауалнама	Педагогтар
7	«Сіз қандай ата-анасыз?»	Қараша	Сауалнама	Ата-аналар
8	«Әлемде жоқ жануар» әдістемесі	Желтоқсан	Педагогтармен жеке жұмыс	Педагогтармен жұмыс
9	Темперамент	Желтоқсан	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
10	«Шаршы құрастыр»	Ақпан	Балаларды құрастыруға үйрету	4-5жас
11	«Шаршадыңыз ба?»	Ақпан	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
12	«Үй-адам-ағаш»проективті тест	Ақпан	Жеке тұлғалық қасиетін анықтау	5-6жас

13	«Сіздің балаңыздың қызығушылығы»	Наурыз	Сауалнама	Ата-аналар
14	«Пішін қорабы»	Сәуір	Ойлауын дамыту	3-4жас
15	«Артығын тап»	Сәуір	Логикалық ойлауды дамыту	4-5жас
16	"Жоқ жануар»	Сәуір	Қиялын дамыту	5-6жас
17	"Мені қайтала" және " доп ойыны»	Мамыр	Қимылды дамыту	5-6жас
18	«Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?»	Мамыр	Сауалнама	Ата-аналар
Психологиялық-педагогикалық ағарту				
1	«Армандар» «Досыңмен кездесу»	Қыркүйек	Тренинг	5-6жас 4-5жас
2	«Жағымды сөздер»	Қазан	Тілек айту	5-6жас
3	«Мен ғажайыппын»	Қараша	Тренинг	Педагогтар
4	«Мейірімді болса жүрек,орындалар тілек»	Қаңтар	Тренинг	Балабақша қызметкерлері
5	Жұдырыққа жасырылған орамал	Наурыз	Ойын	3-4жас
6	«Суреттің жалғасын тап»	Наурыз	Ойын	5-6жас
7	«Жел»	Сәуір	Ойын	3-4жас
8	Кімге қанша?	Мамыр	Қарым-қатынасын дамыту	5-6жас
9	«Шапалақты тыңда»	Мамыр	Қимыл-қозғалыс арқылы зейінін дамыту	5-6жас
10	«Алуан түсті көңіл-күй»	Мамыр	Ойын	5-6жас
11	«Бес санын шапалақта» ойыны	Мамыр	Ойын	4-5жас
12	«Әрқашан күн сөнбесін»	Мамыр	Ойын	3-4жас

Түзету-дамытушылық				
1	«Бұл неден жасалған»	Қараша	Ойлауды дамытуға арналған ойын	4-5жас
2	«Мен жеңімпазбын»	Қараша	Зейін дамытуға арналған ойын	5-6жас
3	«Пішіндерді орнына қой»	Желтоқсан	Қол моторикасы	3-4жас
4	«Баумен ойын»	Желтоқсан	Зейінін дамыту	3-4жас
5	Құм терапиясы	Наурыз	Ұсақ қол моторикасын ойлау қабілетін дамыту	3-4жас
6	«Маскалар» жаттығуы	Сәуір	Арт-терапия	3-4жас
7	«Менің планетам»	Сәуір	Арт-терапия	5-6жас
8	«Сәлеметсің бе, құм?»	Мамыр	Құм-терапиясы	3-4жас
9	Құмды жауын	Мамыр	Құм-терапиясы	4-5жас
10	«Құмды жел»	Мамыр	Құм-терапиясы	2-3жас
КЕҢЕС БЕРУ				
ПЕДАГОГТАРМЕН ЖҰМЫС				
Психодиагностикалық бағыт				
1	«Педагогикалық қабілетті зерттеу»	Қараша	Сауалнама	Педагогтар
2	«Әлемде жоқ жануар»	Желтоқсан	Педагогтармен жеке жұмыс	Педагогтар
3	«Сіз бөтен адамның әсеріне қаншалықты жиі ұшырайсыз?»	Желтоқсан	Сауалнама	Педагогтар
Ағартушылық-профилактикалық				
1	«Мен ғажайыппын»	Қараша	Тренинг	Педагогтар
2	«Көтеріңкі көңіл-күй»	Қаңтар	Тренинг	Педагогтар

3	«Біз-біргеміз»	Сәуір	Тренинг	Педагогтар
БАЛАБАҚША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ЖҰМЫС				
Психодиагностикалық бағыт				
1	Суицидке бейімділікті зерттеуге арналған сауалнама	Қараша	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
2	Темперамент	Желтоқсан	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
2	«Шаршадыңыз ба?»	Ақпан	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
Ағартушылық-профилактикалық				
1	«Мейірімді болса жүрек, орындар тілек»	Қаңтар	Тренинг	Балабақша қызметкерлері
ӘКІМШІЛІКПЕН ЖҰМЫС				
1	Диагностика мәселелерін талқылау және оның нәтижелерімен танысу	Өткізілуіне қарай		
2	Жүргізілген диагностика нәтижелері туралы анықтамалар ұсыну	Өткізілуіне қарай		
3	МДҰ-ның жылдық жұмысына қатысу	Тамыз		
4	Ұжыммен жұмыс кезінде психологиялық көмек көрсету	Жыл бойына		
5	Әкімшіліктің тапсырысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатысу	Жыл бойына		
6	МДҰ қызметіне қатысу: таңертеңгіліктер, мерекелер «Ашық есік күндері», көрнекі насихаттарды безендіру	Жыл бойына		
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
КЕҢЕС БЕРУ				
1	«Баланы 5-ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла»	Қаңтар	Психологиялық кеңес	Ата-аналарға
Психодиагностикалық бағыт				
1	Ата-аналарға арналған сауалнама	Қыркүйек	Сауалнама	Ата-аналар

2	«Сіз қандай ата-анасыз?»	Қараша	Сауалнама	Ата-аналар
3	«Сіздің балаңыздың қызығушылығы?»	Наурыз	Сауалнама	Ата-аналар
4	«Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?»	Мамыр	Сауалнама	Ата-аналар
Ағартушылық-профилактикалық				
1	«Менің балам қандай?»	Мамыр	Тренинг	Ата-аналар

«Бәйшешек» бөбекжай-бақшасы



Бекітемін:
«Бәйшешек» бөбекжай-бақша
менгерушісі:

Ж.А.Булекбаева

2023-2024 оқу жылында педагог-психологтың айлық жұмыс жоспары

Психолог: Жайлаубаева А.

Педагог-психологтың қыркүйек айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Психодиагностика	Топтарды аралап,балалардың көңіл-күйлерінбақылау.Баланың сабақ үстіндегімінез-құлқын бақылау карточкасы	05.09.2023ж	Бақылау	3-4жас 4-5жас
2	Психодиагностика	Топтарды аралап,балалардың көңіл-күйлерінбақылау.Баланың сабақ үстіндегімінез-құлқын бақылау карточкасы	06.09.2023ж	Бақылау	5-6жас 4-5жас
3	Психодиагностика	«Суреттерді есте сақта»	07.09.2023ж	Жад(Зерде)	3-4жас
4	Психодиагностика	«Суреттерді есте сақта»	08.09.2023ж	Жад(Зерде)	4-5жас
5	Психодиагностика	«Графикалық диктант»(Д.Б.Эльконин)	11.09.203ж	Баланыңеріксаласындағы даму деңгейін анықтау Ойлауды дамытуға арналғанойын	5-6жас
6	Психодиагностика	«Реттілігін анықта»	12.09.2023ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	4-5жас
7	Психодиагностика	«Төртіншісі артық»	13.09.2023ж	Ойлауды дамытуға арналғанойын	3-4жас
8	Психодиагностика	Қабылдауды анықтауға жәнедамытуғаарналған әдістеме	14.09.2023ж	Дамытуға арналған ойын	5-6жас

		«Қисынсыздықтар» әдістемесі		Ойлауды дамытуға арналғанын	
9	Ағартушылық-профилактика	«Досыңмен кездесу»	15.09.2023ж	Тренинг	4-5жас
10	Психодиагностика	Ата-аналарға арналған сауалнама	18.09.2023ж	Сауалнама	Ата-аналар
11	Психодиагностика	«Қисынсыздықтар» әдістемесі	19.09.2023ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	3-4жас
12	Ағартушылық-профилактика	«Сиқырлы сөздер»	20.09.2023ж	Тренинг	3-4жас
13	Психодиагностика	Мектептегі оқуға білетін зерттеу (Г.Вицлак)	21.09.2023ж	Ойлау ерекшеліктерін диагностикалау	5-6жас
14	Ағартушылық-профилактика	«КУ-КУ»	22.09.2023ж	Тренинг	3-4жас
15	Психодиагностика	«Қисынсыздықтар» әдістемесі	25.09.2023ж	Ойлауды дамытуға арналғанын	4-5жас
16	Ағартушылық-профилактика	«Сыйлық»	26.09.2023ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	4-5жас
17	Ағартушылық-профилактика	«Үйдің есігін жабайық»	27.09.2023ж	Тренинг	5-6жас
18	Психодиагностика	«Жыл мезгілдері»	28.09.2023ж	Ойа ойын	4-5жас
19	Ағартушылық-профилактика	«Қолың қайда?»	29.09.2023ж	Ойын	3-4жас
20		Қыркүйек айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару	29.09.2023ж		

Педагог-психологтың қазан айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыс түрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Психодиагностика	«Не жоғалды?»	02.10.2023ж	Қабылдау	3-4жас
2	Психодиагностика	«Суретте қандай заттар жасырылған»	03.10.2023ж	Қабылдау	4-5жас
3	Психодиагностика	«Мынау не?»	04.10.2023ж	Қабылдау	5-6жас
4	Ағартушылық-профилактика	«Қай қолымда»	05.10.2023ж	Тренинг	3-4жас
5	Психодиагностика	«Айырмашылықты тап»	06.10.2023ж	Қабылдау	4-5жас
6	Психодиагностика	«Фигураны тап»	09.10.2023ж	Баланың зейін деңгейін анықтау	5-6жас
7	Түзету-дамытушылық	«Жұмбақ заттар» әдістемесі	10.10.2023ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	5-6жас
8	Ағартушылық-профилактикалық	«Сиқырлы сөздер»	11.10.2023ж	Тренинг	4-5жас
9	Түзету-дамытушылық	«Ойыншықтар»	12.10.2023ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	3-4жас
10	Ағартушылық-профилактикалық	«Біреу көп»	13.10.2023ж	Ойын	5-6жас
11	Түзету-дамытушылық	«Бір, екі, үш»	16.10.2023ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	4-5жас
12	Психодиагностика	«Мына суреттен жетіспей тұр?»	17.10.2023ж	Қабылдау	5-6жас
13	Психодиагностика	«Айырмашылықты тап»	18.10.2023ж	Зейін дамытуға арналған ойын	3-4жас
14	Психодиагностика	«Суреттерді салыстыр» әдістемесі	19.10.2023ж	Зейін дамытуға арналған ойын	4-5жас
15	Ағартушылық-профилактика	«Жағымды сөздер»	20.10.2023ж	Тілек айту	3-4жас

16	Психодиагностика	«Белгілерді қой» әдістемесі	23.10.2023ж	Зейінді дамытуға арналған ойын	5-6 жас
17	Ағартушылық-профилактика	«Шөлдеу»	24.10.2023ж	Ойын	4-5 жас
18	Психодиагностика	Байқағыштықты және зейінді анытауға арналған әдістеме	25.10.2023ж	Зейінің анықтау	5-6 жас
19	Психодиагностика	«Фигуралардың суретін салып бітіру»	26.10.2023ж	Қиялдау	5-6 жас
20	Ағартушылық-профилактикалық	«Тығымашақ» ойыны	27.10.2023ж	Ойын	3-4 жас
21		Қазан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару	31.10.2023ж		

Педагог-психологтың қараша айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Психодиагностика	Отбасы жайлылығын анықтау «Менің отбасым»тесті	01.11.2023ж	Жеке тексеру	5-6жас
2	Ағартушылық- профилактикалық	«Бір-біріңдітаны»	02.11.2023ж	Ойын	4-5жас
3	Түзету-дамытушылық	Зейінді бол	03.11.2023ж	Зейін дамытуға арналған ойын	3-4жас
4	Түзету-дамытушылық	«Бұл неден жасалған»	06.11.2023ж	Ойлаудыдамытуға арналғанойын	4-5жас
5	Ағартушылық- профилактикалық	«Допты беріп жібер»	07.11.2023ж	Ойын	5-6жас
6	Ағартушылық- профилактикалық	Орамалменбилеу	08.11.2023ж	Ойын	3-4жас
7	Психодиагностика	Суицидке бейімділікті Зерттеуге арналған сауалнама	09.11.2023ж	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
8	Түзету-дамытушылық	«Қазынаны тап»әдістеме	10.11.2023ж	Ойлаудыдамытуға арналғанойын	5-6жас
9	Ағартушылық- профилактика	«Түгендеу-шатастыру»	13.11.2023ж	Тренинг	5-6жас
10	Психодиагностика	«Педагогикалық қабілетті зерттеу»	14.11.2023ж	Тренинг	Педагогтар
11	Психодиагностика	«Сіз қандай ата-анасыз?»	15.11.2023ж	Сауалнама	Ата-аналар
12	Түзету-дамытушылық	«Мен жеңімпазбын»	16.11.2023ж	Зейіндамытуғаарналған ойын	5-6жас
13	Ағартушылық- профилактикалық	«Жұбымыз жарасқан әріптестерміз»	17.11.2023ж	Тренинг	Педагогтар

14	Ағартушылық-профилактикалық	«Өзің жайлы жақсы сөздер айту»	20.11.2023ж	Жаттығу	4-5жас
15	Түзету-дамытушылық	«Ойлан тап»	21.11.2023ж	Логикалықойлау	5-6жас
16	Ағартушылық-профилактикалық	Орамал дыйналу	22.11.2023ж	Тренинг	3-4жас
17	Психодиагностика	А.Р.Лурияның қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін анықтау	23.11.2023ж	Тест	5-6жас
18	Ағартушылық-профилактикалық	«Тыңдай білу іскерлігі»	24.11.2023ж	Тренинг	5-6жас
19	Түзету-дамытушылық	«Аяқталмаған суреттер»	27.11.2023ж	Қабылдау	4-5жас
20	Ағартушылық-профилактикалық	«Неөзгерді»	28.11.2023ж	Ойын	3-4жас
21	Ағартушылық-профилактикалық	«Ұзынқысқа»	29.11.2023ж	Ойын	5-6жас
22		Қараша айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару	30.11.2023ж		

Педагог-психологтың желтоқсан айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Психодиагностика	Отбасы жайлылығын анықтау «Менің отбасым»тесті	01.12.2023ж	Жеке тексеру	4-5жас
2	Ағартушылық-профилактика	«Сипапсезу арқылы санау»	04.12.2023ж	Ойын	5-6жас
3	Психодиагностика	«Әлемде жоқ жануар» әдістемесі	05.12.2023ж	Педагогтармен жеке жұмыс	Педагогтармен жұмыс
4	Түзету-дамытушылық	«Сандар»	06.12.2023ж	Коррекциялық сабақ	4-5жас
5	Ағартушылық-профилактика	«Доп»ойыны	07.12.2023ж	Тренинг	3-4жас
6	Психодиагностика	Темперамент	08.12.2023ж	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
7	Ағартушылық-профилактика	«Сөздікерісіншеата»	11.12.2023ж	Ойын	4-5жас
8	Түзету-дамытушылық	«Құмырсқаларға көмектес»	12.12.2023ж	Логикалық ойлау	5-6жас
9	Ағартушылық-профилактика	Орамалды келесі адамға беру	13.12.2023ж	Тренинг	3-4жас
10	Психодиагностика	«Сөзді есінде сақта»	14.12.2023ж	Қабылдауқабілеті дамытуға Арналған ойын	4-5жас
11	Психодиагностика	«Ойынойлап тап»	15.12.2023ж	Қиялындамыту	5-6жас
12	Түзету-дамытушылық	«Пішіндерді орнына қой»	18.12.2023ж	Сенсорика	3-4жас
13	Психодиагностика	«Дайын бол»	19.12.2023ж	Зейіндамытуғаарналған ойын	5-6жас
14	Психодиагностика	«Сізбөтен адамның Әсеріне қаншалықты жиі ұшырайсыз?»	20.12.2023ж	Сауалнама	Педагогтар
15	Ағартушылық-профилактика	«Цирктің әртістері»	21.12.2023ж	Ойын	5-6жас

16	Түзету- дамытушылық	Пішіндерге арналған ұяшықты тап	22.12.2023ж	Қол моторикасын дамыту	3-4жас
17	Түзету- дамытушылық	«Бауменойын»	25.12.2023ж	Зейінін дамыту	3-4жас
18	Түзету- дамытушылық	«Күн»	26.12.2023ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	4-5жас
19	Ағартушылық- профилактика	«Жыл атасы»	27.12.2023ж	Ойын	5-6жас
20		Желтоқсан айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару			

Педагог-психологтың қаңтар айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Психодиагностика	«Менің отбасым»проективті тест	01.01.2024ж	Жеке тұлғалық қасиетін анықтау	4-5жас
2	Түзету-дамытушылық	Баланың зейініндамыту	02.01.2024ж	Ойын	5-6жас
3	Ағартушылық-профилактикалық	«Көтеріңкі көңіл-күй»	03.01.2024ж	Тренинг	Педагогтар
4	Консультация	«Баланы 5-ке дейін патшадайкөтер,15-ке дейін құлындай жұмса,15-тенкейін досындай сыйла»	04.01.2024ж	Кеңесберу	Ата-аналар
5	Ағартушылық-пофилактика	«Жұбын тап»	05.01.2024ж	Ойын	5-6жас
6	Түзету-дамытушылық	«Машиналарды гаражға қой»	08.01.2024ж	Ойын	3-4жас
7	Ағартушылық-профилактика	«Затты қалай қолдануға болады?»	09.01.2024ж	Ойын	4-5жас
8	Ағартушылық-профилактика	«Мейірімді болса жүрек,орындалар тілек»	10.01.2024ж	Тренинг	Балабақша қызметкерлері
9	Психодиагностика	Ересек балаларының мектепке дайындығын тексеру	11.01.2024ж	Балалардыңмектепке дайындығынтексеру	5-6жас
10	Түзету-дамытушылық	«Менің достарым»	12.01.2024ж	Ойын	4-5жас
11	Ағартушылық-профилактика	«Орамалдыбірінш іалу»	15.01.2024ж	Қабылдауғаарналғанойын	3-4жас
12	Түзету-дамытушылық	Бірсөзбенайт	16.01.2024ж	Балалардысөздік қорын молайту	5-6жас

13	Ағартушылық-профилактикалық	«Достық»	17.01.2024ж	Жаттығу	4-5жас
14	Түзету-	Картина	22.01.2024ж	Ойын	3-4жас
	дамытушылық				
15	Ағартушылық-профилактикалық	«Өз үйінді тап»	19.01.2024ж	Ойын	5-6жас
16	Түзету-дамытушылық	«Менің достарым»	22.01.2024ж	Ойын	3-4жас
17	Ағартушылық-профилактика	«Орамалды бірінші алу»	26.01.2024ж	Қабылдауғаарналғанойын	3-4жас
18	Түзету-дамытушылық	Бір сөзбен айт	23.01.2024ж	Балаларды сөздік қорын молайту	4-5жас
19	Ағартушылық-профилактикалық	«Достық»	30.01.2024ж	Жаттығу	5-6жас
20		Қаңтар айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару	31.01.2024ж		

Педагог-психологтың ақпан айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Психодиагностика	«Шаршы құрастыр»	01.02.2024ж	Балаларды құрастыруға үйрету	4-5жас
2	Түзету- дамытушылық	«Үлкен және кішкентай доптар»	02.02.2024ж	Ойын	3-4жас
3	Ағартушылық- профилактика	«Төрт құрылыс»	05.02.2024ж	Есте сақтаға арналған ойын	5-6жас
4	Түзету- дамытушылық	«Көлік тас жолы»	06.02.2024ж	Ерекшеқабілетінанықтау	5-6жас
5	Ағартушылық- профилактика	«Көңілді шеңбер»	07.02.2024ж	Естесақтау ойыны	4-5жас
6	Түзету- дамытушылық	«Үйлержәнетулар»	08.02.2024ж	Логикалықойлау	3-4жас
7	Психодиагностика	«Шаршадыңызба?»	09.02.2024ж	Сауалнама	Балабақша қызметкерлері
8	Ағартушылық- профилактика	«Орындықты тап»	12.02.2024ж	Естесақтауғаарналғанойын	5-6жас
9	Психодиагностика	«Сиқырлықалта»	13.02.2024ж	Санауғаүйрету	5-6жас
10	Ағартушылық- пофилактика	«Сөздіесіндесақта»	14.02.2024ж	Ойын	4-5жас
11	Ағартушылық- профилактика	«Ойландааяқта»	15.02.2024ж	Ойлауды дамытуға арналған ойын	5-6жас
12	Түзету- дамытушылық	«Өзүйіндітап»	16.02.2024ж	Ойын	3-4жас
13	Ағартушылық- профилактика	«Жаңаертегі»	19.02.2024ж	Қиялдыдамытуғаарналған ойын	4-5жас
14	Психодиагностика	«Үй-адам- ағаш»проективтітест	20.02.2024ж	Жеке тұлғалық қасиетін анықтау	5-6жас
15	Түзету- дамытушылық	«Маған қарай жүгіріңдер»	21.02.2024ж	Ойын	3-4жас
16	Түзету-	«Сиреккездесетін	22.02.2024ж	Қабілетін дамыту	5-6жас

	дамытушылық	фигуралар»			
17	Ағартушылық-профилактика	«Ілінгенорамал»	23.02.2024ж	Ойын	3-4жас
18	Психодиагностика	«Естесақтажәне нүкені орналастыр»	26.02.2024ж	Зейініндамыту	5-6жас
19	Ағартушылық-профилактика	«КөлемКімбірінші»	27.02.2024ж	Ойын	5-6жас
20		Ақпан айында жүргізілгенжұмысқа қорытынды шығару	29.02.2024ж		

Педагог-психологтың наурыз айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Психодиагностика	Л.С.Выготскийдің «Жалпылап айт»әдістемесі	01.03.2024ж	Баланың мектепке дайындығын анықтау	5-6жас
2	Түзету дамытушылық	Құмтерапиясы	04.03.2024ж	Ұсақ қол моторикасын ойлауқабілетін дамыту	3-4жас
3	Ағартушылық- профилактика	«Жоғалғанойыншықтытап»	05.03.2024ж	Ойын	4-5жас
4	Психодиагностика	«Сіздіңбалаңыздың қызығушылығы»	06.03.2024ж	Сауалнама	Ата-аналар
5	Ағартушылық- профилактика	«Көлеңке»	07.03.2024ж	Ойын	5-6жас
6	Ағартушылық- профилактика	Жұдырыққа жасырылған орамал	11.03.2024ж	Ойын	3-4жас
7	Түзету- дамытушылық	«Жыл мезгілдері»	12.03.2024ж	Ой-өрістідамытуғаарналған ойындар	5-6жас
8	Ағартушылық- профилактика	«Мақтаншақтар»ойыны	13.03.2024ж	Ойын	3-4жас
9	Ағартушылық- профилактика	«Түрлітүстідоптар»	14.03.2024ж	Ойын	4-5жас
10	Түзету- дамытушылық	«Қателеспес сиқыршы»	15.03.2024ж	Ойын	3-4жас
11	Ағартушылық- профилактика	«Суреттің екінші бөлігін сал»	18.03.2024ж	Ойын	5-6жас
12	Түзету- дамытушылық	Ойнап ойла Көбелек	19.03.2024ж	Ойлаудыдамытуғаарналған ойын	3-4жас
13	Психодиагностика	«Зат неге ұқсайды?»	20.03.2024ж	Білімінтексеру	4-5жас
14	Ағартушылық- профилактика	«Қиял жалғасы»	21.03.2024ж	Қиялды дамытуға арналған ойын	5-6жас
15	Ағартушылық-	«Гүл»ойыны	22.03.2024ж	Қабылдауға арналған ойын	4-5жас

	профилактика				
16	Ағартушылық-профилактика	«Шындыққа бір қадам»	25.03.2024ж	Ойын	5-6жас
17	Ағартушылық-профилактика	«Көрсетілген нұсқау Бойынша орамалды бүктеу»	26.03.2024ж	Ойын	3-4жас
18	Ағартушылық-профилактика	«Суреттің жалғасын тап»	27.03.2024ж	Ойын	5-6жас
19		Наурыз айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару	29.03.2024ж		

Педагог-психологтың сәуір айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Ағартушылық-профилактика	«Заттардықабылдау»	01.04.2024ж	Қабылдауғаарналған ойын	4-5жас
2	Ағартушылық-профилактика	«Ұқсассуреттітап»	02.04.2024ж	Ойын	3-4жас
3	Ағартушылық-профилактика	«Үстінде,астында,алдында, артында,сол жақта,оң жақта»	03.04.2024ж	Ойын	5-6жас
4	Ағартушылық-профилактика	«Суреттердіаяқтайық»	05.04.2024ж	Ойын	5-6жас
5	Түзету-дамытушылық	«Маскалар»жаттығуы	08.04.2024ж	Арт-терапия	3-4жас
6	Ағартушылық-профилактика	«Шөлдеу»	09.04.2024ж	Ойын	4-5жас
7	Түзету-дамытушылық	«Шашу»жаттығуы	10.04.2024ж	Арт-терапия	3-4жас
8	Ағартушылық-профилактика	«Біз-біргеміз»	11.04.2024ж	Тренинг	Педагогтар
9	Түзету дамытушылық	«Менің планетам»	12.04.2024ж	Арт-терапия	5-6жас
10	Психодиагностика	Йиарсек Керн тесті	15.04.2024ж	Баланыңмектепке дайындығынанықтау	5-6жас
11	Ағартушылық-профилактика	«Көбелек»	16.04.2024ж	Ойын	4-5жас
12	Психодиагностика	"Суреттер туралы әңгіме»	17.04.2024ж	Әңгімеқұрау	5-6жас
13	Психодиагностика	«Пішін қорабы»	18.04.2024ж	Ойлауындамыту	3-4жас
14	Ағартушылық-профилактика	«Барлығы қанша?»	19.04.2024ж	Ойын	5-6жас

15	Түзету- дамытушылық	«Жыл мезгілдері»	22.04.2024ж	Ой-өрісті дамытуға арналған ойындар	3-4жас
16	Психодиагностика	«Артығынтап»	23.04.2024ж	Логикалық ойлауды дамыту	5-6жас
17	Ағатушылық- профилактика	«Орамалмен жасырынбақ»	24.04.2024ж	Ойын	3-4жас
18	Түзету- дамытушылық	"Суреттер бойынша сұрақтар»	25.04.2024ж	Ойлау қабілетін дамыту	4-5жас
19	Психодиагностика	"Жоқ жануар»	26.04.2024ж	Қиялындамыту	5-6жас
21	Ағатушылық- профилактика	«Жел»	29.04.2024ж	Ойын	3-4жас
22		Сәуір айында жүргізілген жұмысқа қорытынды шығару	30.04.2024ж		

Педагог-психологтың мамыр айына арналған жұмыс жоспары

№	Бағыты	Жұмыстүрі	Уақыты	Әдісі	Кіммен жүргізіледі
1	Түзету- дамытушылық	«Сәлеметсіңбе,құм?»	02.05.2024ж	Құм-терапиясы	3-4жас
2	Түзету- дамытушылық	Құмдыжауын	03.05.2024ж	Құм-терапиясы	4-5жас
3	Психодиагностика	"Меніқайтала"және"доп ойыны»	06.05.2024ж	Қимылдыдамыту	5-6жас
4	Түзету- дамытушылық	«Құмдыжел»	07.05.2024ж	Құм-терапиясы	3-4жас
5	Ағатушылық- профилактикалық	Кімге қанша?	08.05.2024ж	Қарым-қатынасындамыту	5-6жас
6	Түзету- дамытушылық	Жолдар	09.05.2024ж	Ойын	5-6жас
7	Ағатушылық- профилактикалық	«Шапалақ тытыңда»	10.05.2024ж	Қимыл-қозғалысарқылы зейініндамыту	4-5жас
8	Ағатушылық- профилактикалық	«Алуан түсті көңіл-күй»	13.05.2024ж	Ойын	5-6жас
9	Психодиагностика	«Сіздің балаңыз мектепке дайынба?»	14.05.2024ж	Сауалнама	Ата-аналар
10	Түзету- дамытушылық	Ерекшеіздер	15.05.2024ж	Құм-терапиясы	3-4жас
11	Ағартушылық- профилактикалық	«Менің балам қандай?»	16.05.2024ж	Тренинг	Ата-аналар
12	Ағартушылық- профилактикалық	«Бес санын шапалақта»ойыны	17.05.2024ж	Ойын	4-5жас
13	Ағартушылық- профилактикалық	«Кім сені шақырады,тап»ойыны	22.05.2024ж	Ойын	4-5жас
14	Ағартушылық- профилактикалық	«Әрқашанкүнсөнбесін»	23.05.2024ж	Ойын	3-4жас
15		Мамыр айында жүргізілген жұмысқа қорытын шығару	• 24.05.2024ж		

Сіз қандай ата-анасыз?

Сауалнама

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге болады ма?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл аудармайсыз ба?
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

Жауабы:

1. Әрқашан жасаймын, келісемін -3 ұпай
2. Кейде ғана келісемін -2 ұпай
3. Келіспеймін -1 ұпай

Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?

Ата-аналарға сауалнама «Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»

№ 1

Балаңыздың аты – жөні: _____

1. Балаңыздың көңіл - күйі - қандай?

А) Көңілді

Ә) Мазасыз

Б) көңіл - күйі төмен

2. Балаңыз қалай ұйықтайды?

А) тез ұйықтайды

Ә) жай

Б) тыныш

Г) тынымсыз

3. Балаңыз ұйықтату үшін не істейсіз? Әрекетіңіз

4. Балаңыздың ұйқысы қанша уақыт?

А) 2 сағат

Ә) 1 сағаттан кем емес

5. Балаңыздың тәбеті қандай?

А) жақсы

Ә) тамақты таңдап жейді

Б) тамаққа тәбеті төмен

6. Балаңыздың қандайда бір теріс әрекеті бар ма?

А) емізік сорады, саусаған сорады т. б. _____

Б) ондай теріс әрекеті жоқ.

7. Балаңыз түбекке (горшокқа) отырғанда қалай қарайды?

А) ездігінен отырады

Ә) отырғысы келмей жылайды

8. Үйдегі жаңа заттарға немесе ойыншықтарға балаңыз назар аудара ма?

- А) ия
- Ә) жоқ
- Б) кейде

9. Балаңыз қалай ойнайды?

- А) өзі ойнайды
- Ә) жалғыз өзі ойнамайды.

10. Үлкендермен қарым - қатынасы?

- А) тез түседі
- Ә) таңдап
- Б) қиын

11. Балалармен қарым - қатынасы?

- А) тез түседі
- Ә) таңдап
- Б) қиын

12. Балаңыз сіздерден бөлектеніп көрді ме?

- А) ия
- Ә) жоқ
- Б) бөлектенгенде жеңіл көтереді
- Г) қиын

Жауабыңызға рахмет.

№ 4 «Бәйшешек» балабақшасы

Баяндама

*Тақырыбы: «Балабақшаға
қалай тез бейімделеміз?»*

Орындаған б/б психологі :Жайлаубаева.А.М

Балалардың балабақшаға бейімделуі

* Баланың әлеуметтенуі қашан қайта басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақша келгенде. Балабақша таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

* Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері: басқа адамға бұрын қалып көрмегендіктен, дәретке өзі отырып үйренбегендіктен, кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайып үйренбеген (күрттайынан) балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата - аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшаға қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

* Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе? Оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретініңіз туралы айттыңыз ба? Ата - аналардың балаға эмоционалдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар, жеңіл түрі - баланың мінез - құлығы 10 - 15 күнде қалпына келеді. Орташа ауырлық бейімделу – 1 айдың ішінде, ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін өтеді. Қобалжулары қатты ата – аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата - ананың қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек. Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп тынышталуы ұзаққа созылады.

- Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп көрінбей қашып кетпеңіз.

- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаңыз.

- Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдамаңыз.

Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі

- карай баланы көндіру өте қиынға түседі. 2 – 3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдай көп өзгеріске түседі. Сондықтан кеңес береміз.
- Үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
 - Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.
 - Үйдегі жағдайда баланы өзіне – өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну өз бетімен тамақтану тамақ ішкенде қасықты пайдалану, әжетханаға сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт, шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
 - Баланың «социалдық көк жиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде конуға қалсын т. с. с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
 - Баламен жағымды эмоцияналдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын – сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
 - Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
 - Жоспарлаңыз: балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада үш төрт сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
 - Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
 - Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
 - Балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. Егер сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жақтырмаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап ақ, үйреніп кететініне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу

№ 4 «Бәйшешек» балабақшасы

Тренинг

*Тақырыбы: «Өз-өзіңді
бағалай біл»*

Орындаған б/б психологі :Жайлаубаева.А.М

ӨЗІН-ӨЗІ ТӨМЕН СЕЗІNETІН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІLETІН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Адам өмірге келген сәттен бастап, үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзін нық, еркін сезінуіне көптеген факторлар әсер етеді. Қоғамда балаға әсер етуші жағдайлар, оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына өз әсерін тигізбей қоймайды. Бұл қандай да бір олқылығы бар балаға кері әсерін тигізері сөзсіз. Қоғам болған соң әртүрлі тағдырлардың кездесіп жататыны белгілі. Мысалы: балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балалардың өзге балалармен тіл табысып, араласып кетуі қиындау. Бала отбасының орнын еш нәрсемен ауыстыра алмайды. Олар да өздерін қарапайым балалармен салыстырып, өзінің бір ретте болса отбасындағы рөлін елестеткісі келеді. Сол сияқты, бет әлпетінде белгілі бір кемшілігі бар немесе мүгедектер арбасына таңылған адамдардың өз-өзімен болып, қоғамнан оқшау қалып жатқандары да кездеседі. Олар көбіне, өз сезімдерін көпшілік алдында көрсетпейді, іштен уайымдағыш болады, торығу сезімі басым болады. Көбіне тұйық мінезді, үндемейтін, өзін төмен бағалайтын болып келеді. Көп жағдайда балада өмірге деген сенімсіздік пайда болып, бұл сенімсіздік оның дамуына кері әсерін тигізеді, яғни балада өзіне деген баға, танымдылық белсенділік төмендеп, қоршаған ортадан өзін оқшаулай бастайды. Бұл ретте өзін-өзі төмен сезінетін балалардың мұғалімдерімен, ата-аналарымен жұмыс жасап, жолдастары арасындағы қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру маңызды болып табылады.

Психологиялық коррекциялау жұмысының мазмұны балалардың мінез – құлық ауытқуларын, өзін – өзі бағалау, талаптану деңгейі мен мазасыздану деңгейін сипатын ескертетін, көп жобалы және көп деңгейлі құрылымнан тұрады.

Психокоррекциялық жұмыста «коррекция» терминінің кең қолданымға енуі XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталды, тура аудармасы «исправление-түзету» деген мағынаны береді. Психолог жеке тұлғаның мінез-құлқы мен сапаларына, белгілі әсер етуде түзету жұмысына бағдарлама құрады. Бағдарлама құрылымы психологиялық және педагогикалық екі бөлімде қарастырылады. Психологиялық бөлімінде психолог жеке жұмыс жоспарын жасап, оны жүзеге асырады. Ал педагогикалық бөлімінде психолог басқа мамандармен – мұғалім, тәрбиеші және ата-анамен біріге отырып, психологиялық ұсыныстар құрастырады. Р.С. Немовтың пікірінше «психокоррекция» ерекшелігі – психикасы сау адамның мінез-құлқын реттеуге әсер ету және оның жетіспейтін тұстарын

жетілдіруде психологтың қолданатын психологиялық тәсілдерінің жиынтығы.

Қазіргі кезде мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің тұлғасының ерекшеліктері, яғни өзін -өзі бағалауы, қарым – қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттеушілердің назарын көптеп аудартуда. Сондықтан да, біздің ғылыми зерттеуімізде өзін төмен сезінетін жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы маңызды болып табылады.

Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыруы арқылы қалыптасады, және осындай салыстыру табиғи түрде жүргізіледі де өте қызықты болды. Тұтас педагогикалық процесстегі қатынастар жүйесіне енгеннен бастап бала өзін басқа балалармен салыстырып, зерттеп, мынандай сұрақтарға: «-Неге мен осындаймын?», «Басқалар мені қалай қабылдайды?», «Өмірде мен қандай жетістіктерге жете аламын?»-деген сұрақтарға жауап іздеп, өзінің барлық мүмкіндіктерін көрсетуге тырысады. Өзін-өзі нақты бағалау, өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттарын дұрыс құрастыруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау жоғарлатылған, нақты, төмендетілген болуы мүмкін.

Мен №5 мектепте болып, сынып балаларына түрлі әдістемелер жүргіздім. Бұл зерттеу жұмыстары маған сынып оқушылары туралы, олардың өзін-өзі бағалау деңгейлері туралы нақты мәліметтер алуға мүмкіндік берді.

Оқушының өзін-өзі бағалауын арнайы жағдаят арқылы анықтау

Мысалы, мұғалім бақылау жұмысы кезінде баланың дәптеріне қарап әдейі қате бар екенін айтты делік (ол жұмыста қате болмаса да).

Егер оқушы өзін жоғары бағалайтын болса, мұғалімге бірден жауап қайтарып, дәлелдей бастайды, сөз таластыруы да мүмкін, т.б. Ал өзін дұрыс бағалайтын оқушы мұндай кезде сабырлық сақтайды. Қатені көрсетпеуін сұрайды, өзі табуға тырысады. Егер бала өзін тым төмен бағалайтын болса, мұғалімнің айтқанымен бірден келісе кетеді, өз бетінше ойлау қабілетінен айырылады.

«Графикалық тест» баланың өзін-өзі бағалауын анықтайды

Мақсаты: белгілі уақытта жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау. Жүргізілу барысы: Мына төмендегі 8 шеңбердің біреуін тандап ішін бояңыз немесе белгі қойыңыз.

Интерпритациясы:

Алғашқы екі шеңбердің біреуін тандаған бала өзін жоғары бағалайды.

Ең соңғы екі шеңбердің біреуін тандаған бала өзін төмен бағалайды.

Ортасындағы төртеуінің біреуін тандаған бала өзін адекватты немесе дәл бағалайды.

«Қандай кейіп?».

Мақсаты: Оқушылардың ұялшақтың сезімін төмендету.

Мұғалім ахуал тізімін таратып береді. Бір бала оқушылардың қандай кейіпте қатып тұрып қалғанын шешу керек. «Толқиды теңіз бір, толқиды теңіз екі, толқиды теңіз үш. Қуаныш фигурасы (ахуал тізімін қара), орнында қатып тұрып қал». Ахуалдар тізімі: қуаныш, ыза, үрей, мейірім, қызығушылық, ұялшақтық, жетістік.

Осындай тренингтер өткізілсе, балалардың бойындағы ұялшақтық мінездері төмендеп, көп көмек болары анық. Ондай балалар мұғалімнің назарында үнемі болуы керек. Әр баланың дұрыс дамып, жетілуі сіздердің қолдарыңызда.

Мен осы баяндамамды шығыс данасы Абдул Баханың сөзімен аяқтағым келеді: Мұғалімнің еңбегі бағбан еңбегімен пара-пар, өйткені бағбан әртүрлі өсімдіктерді күтіп, баптайды. Кейбір өсімдіктер күн сәулесін сүйсе, кейбіреулері- салқын самал көлеңкені, кейбіреуі ағынды су жағасын, ал кейбірі тау шыңын сүйеді. Кей өсімдік құмдақты жерді, кейбірі құнарлы, шұрайлы жерлерді ұнатады. Әрқайсысы өзіне тиімді күтімді қажет етеді, ал олай болмаған жағдайда нәтижесі қанағаттандырылмайды.

«Мақтаулар» жатығуы

Мақсаты: Жаттығу баланы өзін-өзі бағалауын және ұжымда беделін жоғарылатуға көмектеседі.

Нұсқау: Балалар дөңгеленіп отырады. Әрбір балаға карточка таратылады. Карточкаға бала «Бірде мен ...» деген сөзден басталатын жақсы іс-әрекеттер жазады. Мысалы: «Бірде мен мектептегі құрбыма көмек бердім», немесе «Бірде мен үй тапсырмасын тез орындадым» т.с.с. Ойлануға 2-3 минут беріледі, содан кейін әрбір бала кезекпен өзінің жазған позитивтік әрекетін дауыстап оқиды. Әрбір бала өзінің жазғандарын оқып болғаннан кейін, жүргізуші (ересек адам) осы айтылғандардың бәрінен ортақ бір пікірге келуге талпынады. Ал егерде балалардың өздері ортақ пікірге келуге талпынса, онда оларға міндетті түрде мүмкіндік беру керек. Қорытынды ретінде балалармен «әрбір адам қандайда бір талантқа ие болады, ал оны байқау үшін айналамыздағы адамдарға зейінмен, қамқорлықпен және мейірімділікпен қарауымыз қажет» деген сияқты әңгімелер жүргізуге болады.

Зерттеу нәтижесінде өзін-өзі бағалауының біршама айырмашылығы байқалды. Кесте бойынша көрсетілген оқушылардың өзін-өзі бағалауындағы айырмашылықтарын білдіретін нәтижелерді сипаттайық.

«Сезімдер» атауы тренингі.

Мақсаты: Эмоциональдық сферамен байланысты тәжірибелер мен білімдерді молайту, эмоциональдық күйін басқара білуге үйрету.

Қорытынды: Қатысушы жасөспірімдер тренингке белсенді қатысып, тапсырмаларды орындады. Барлық эмоциялар мен сезімдердің тізімін класс болып жасап, ең көп аталған сезімдер таңдап алынып, кестеге түсірілді.

Олардың көріну аймақтары анықталды. Барлық сынып бойынша кесте жинап алынып, орташа көрсеткіштері анықталды.

5-кесте. Балалардың сезімдері мен эмоцияларының басқара білу нәтижесі

«Сезім» атаулары	Бұл сезімдерді сезінетін орындар					
	үйде	көшеде	мектепте	жана ортада	достардың арасында	басқа жерлер- де
Өркезде						
Ашу	17	16	10	9	14	3
Қуаныш	22	11	20	13	22	12
Көңілсіздік	12	5	7	19	4	5
Бүгін						
Жалғыздық	5	10	12	6	6	8
Қорқыныш	8	20	15	14	8	18
Таңқалу	5	15	18	20	14	10

Балалар өздерінің сезімдері мен эмоциялары туралы тереңірек ойланып, талдап, көрінетін аймақтарын анықтады. Өздеріндегі жағымсыз сезімдерді біліп, олардың келесі жағдайларда басқарып отыратындықтарын айтты. Өздері тізім жасап, өздері анықтағаннан кейін қызығушылықтары оянып, талдау тиімді жүзеге асты. Балалар өздерінің сезімдерін басқара білуге үйренді.

«Менің өмірім» тренингі.

Мақсаты: Жеке тұлғаны өзінің күшті және әлсіз жақтары туралы айта білуге, жағымды және жағымсыз қасиеттері мен жеке ерекшеліктері туралы саналы ойқорытынды жасай білуге үйрету.

Қорытынды: Балалар ортаға шығып, айналасындағы құрдастарының сұрақтарына жауап берді. Сұрақтар оның өмірі туралы, жағымды және жағымсыз қасиеттері туралы және т.б. мәселелерді қамтыды. Жасөспірімдер сұрақтарға шын ниетпен жауап беріп, өз мінез-құлықтарына өздері талдау жасады, өздерінің әлсіз жақтарын анықтады.

Мынадай сұрақтар бойынша әңгіме қозғалды: «Сенің қандай жағымсыз және жағымды қасиеттерің бар?», «Сен не үшін ашуланасың?», «Қандай мәселелер сені толғандырады?», т.б. Балалар қызығушылықпен қатынасып, өздерінің ғана емес, жолдастарының да жағымды және жағымсыз қасиеттерін біліп, салыстырып, олардан құтылу жолдарын бірігіп шешті.

Ұрпақ - өміріміздің жалғасы, болашақтағы әр мамандықтың иесі, қоғамның арқа сүйер тірегі екені белгілі. Республикамыздың жастарына ең сапалы білім берумен қатар еліміз егеменді, тіліміз мемлекеттік болуына байланысты жастардың жағымды мінез-құлқын дамытып, оларды адамгершілікке, мейірімділікке, тәртіпке, қоғамның лайықты азаматтары ретінде тәрбиелеу – бүгінгі күнгі басты мәселелердің бірі. Біздің қоғамымызда жасөспірімдердің адамгершілік келбетіне қоятын талаптардың өсуіне, оларды жақсылыққа тәрбиелеуге баса назар аударылуда.

Қазіргі бәсекеге қабілетті заманда артықшылықтармен қатар кемшіліктерде баршылық. Жағымды әлеуметтік тәжірибенің жеткіліксіздігі, өмірге көзқарасының, құндылықтар жүйесінің, әдет қалыптары мен эстетикалық талғамдарының жетілмегендігі және қалыптаспағандығы жасөспірімдердің өз белсенділігін жағымсыз, құқыққа қайшы аймақтарға жұмсауын тандауға ықпал етеді, бұл олардың мінез - құлқынан, өзін -өзі бағалуына, қарым - қатынасының қалыптасуының әлеуметтік бейнесінен көрініс береді. Бұл ауқымды рөл балалар мен жасөспірімдердің дер кезінде әлеуметтік педагогикалық, психологиялық және медициналық көмектің көрсетілмеуінде жатыр. Жасөспірімдер арасында қаталдық пен агрессивтілік пайда болып, қылмыстық әрекеттер орын алуда. Осындай жағдайларға байланысты жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқушылықтарын психологтар зерттеп, дұрыс бағыт-бағдар беріп, түзету жұмыстарын жүргізулері шарт.